

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісім жасасу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы N 244 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 20.12.2016 № 832 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Жақсыбек Әбдірахметұлы Құлекеевке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Ғылыми-техникалық ынтымақтастығы туралы Келісім

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын - Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі,

ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың екі жақты қатынастардың барлық кешенінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатынына сене отырып, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді интернационализациялау жағдайында өзара іс-әрекеттің қажеттігін мойындай отырып,

Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы

калыптасып келе жатқан ғылыми-техникалық байланыстарды ескере отырып, мұндай өзара байланыстар мемлекеттер мен олардың халықтары арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ететінін, сондай-ақ өзара тиімді сауда-экономикалық байланыстарды дамытудың алғы шарттарын жасайтынын **н а з а р ғ а а л а о т ы р ы п ,** төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамалары шеңберінде тең құқықтылық пен өзара пайда қағидаттары негізінде ғылыми-техникалық ынтымақтастықты **д а м ы т а т ы н б о л а д ы .**

Екі жақты ғылыми-зерттеу ынтымақтастығының бағыттары Тараптар мемлекеттерінің мүдделерімен айқындалатын болады.

2-бап

Ғылыми-техникалық ынтымақтастықты Тараптар мемлекеттерінің ғылым академиялары, ғылыми ұйымдары, жоғары оқу орындары (бұдан әрі - ынтымақтасушы ұйымдар) араларындағы өздерінің құзыреттерінің шегінде, жекелеген шарттар (келісім-шарттар) негізінде және Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес жүзеге асырады.

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастықты және жалпы басшылықты үйлестіруші Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары:

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым **м и н и с т р л і г і ;**

Әзірбайжан Тарапынан - Әзірбайжан Республикасының Ұлттық ғылым **А к а д е м и я с ы б о л ы п т а б ы л а д ы .**

Жоғарыда аталған уәкілетті органдардың атаулары өзгерген немесе олардың функцияларын басқа мемлекеттік органдарға берген жағдайда, Тараптар жедел түрде дипломатиялық арналар арқылы бірін-бірі хабардар етеді.

3-бап

Осы Келісім шеңберіндегі мынадай нысандарда іске асырылатын болады: бірлескен ғылыми және ғылыми-зерттеу бағдарламаларын, ғылымды қажет ететін және ресурс сақтайтын технологияларды жасау және игеру жөніндегі **ж о б а л а р д ы ж ү з е г е а с ы р у ;**

бірлескен ғылыми ұжымдарды, зертханаларды, сондай-ақ жаңа технологиялар жасауды қамтамасыз ететін инновациялық фирмалар мен

ұ й ы м д а р д ы

қ а л ы п т а с т ы р у ;

Бірлескен далалық зерттеулер мен экспедицияларды қоса алғанда, Тараптар мемлекеттерінің ынтымақтасушы ұйымдарында, мұрағаттарында, кітапханалары мен мұражайларында ғылыми жұмыстар жүргізу;

ғылыми-техникалық ақпарат, құжаттама, әдеби және библиографиялық б а с ы л ы м д а р а л м а с у ;

бірлескен семинарлар, ғылыми конференциялар және жұмыс бабындағы к е з д е с у л е р ө т к і з у ;

ғ а л ы м д а р м е н м а м а н д а р а л м а с у ;
ғ а л ы м д а р м е н м а м а н д а р д ы ң б і л і к т і л і г і н а р т т ы р у , т а ғ ы л ы м д а м а л а р
ұ й ы м д а с т ы р у ;

ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды с а р а п т а м а д а н ө т к і з у .

Ынтымақтастық, сондай-ақ осы Келісімнің іске асырылуын қамтамасыз ететін басқа да келісілген нысандар бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Бірлескен нақты зерттеулердің нысандарын таңдау және анықтау кезінде Тараптар тек қана ғылымды дамытудың мүдделерін және Тараптар мемлекеттері үшін өзекті тақырыпты басшылыққа алатын болады.

4-бап

Тараптар ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың әлемдік әлуетін сақтаудың маңыздылығын ескере отырып, Тараптар мемлекеттерінің ғалымдарын жаңа эксперименттік жабдықтармен жұмыс істеуге, сондай-ақ оларды өндіру мен сатып алу жөніндегі өзара қатынастарда қауымдасуға жіберуге ерекше назар аударатын болады.

5-бап

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің аумағында ғалымдар мен мамандардың жұмысына қажетті жағдайлар жасауға, ғылыми аспаптар мен жабдықтар, ғылыми және ғылыми-техникалық құжаттамалар алмасуға ықпал ететін болады.

6-бап

Тараптар мемлекеттерінің ғалымдары мен мамандарын іссапарға жіберу шарттары ынтымақтасушы ұйымдардың арасында осы Келісімнің 2-бабында көзделген шарттар (келісім-шарттар) негізінде келісіледі.

7-бап

Ынтымақтасушы ұйымдардың арасындағы келісім бойынша ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды іске асыруға қатысу үшін үшінші тараптың жекелеген ғалымдары, техникалық сарапшылары, мемлекеттік ұйымдары мен кәсіпорындары, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың мамандары шақырылуы мүмкін.

8-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді. Хаттамалар осы Келісімнің 11-бабында көзделген тәртіп бойынша күшіне енеді.

9-бап

Осы Келісімді түсіндіруде немесе оны орындауда даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер немесе өзара консультациялар жүргізу жолымен шешетін болады.

10-бап

Осы Келісім оның қатысушылары болып табылатын Тараптар мемлекеттерінің басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

11-бап

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді. Осы Келісім егер Тараптардың бірде-бірі оның іс-әрекетін тоқтату ниеті туралы келесі тарапқа оның тиісті бес жылдық мерзімінің бітуіне алты ай қалғанға дейін жазбаша хабарлама жібермесе, келесі бес жылдық мерзімге автоматты түрде ұзартылады.

Осы Келісім Тараптардың біреуі екінші Тараптың тиісті жазбаша хабарламасын алғаннан кейін алты ай өткен соң өзінің қолданылуын тоқтатады.

Осы Келісімнің ережелерін өзгерту немесе оның қолданылуын тоқтату оның қолданылуы кезеңінде жасалған шарттар (келісім-шарттар) бойынша жобалардың орындалуына, олардың толық аяқталғанына дейін әсер етпейді.

2004 жылғы "___" наурызда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының *Әзірбайжан Республикасының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК